

«САПАРЛАРДЫ БАСҚАРУ»:  
ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК



3

ВАКЦИНА АЛАРДА  
НЕНІ БІЛУІМІЗ КЕРЕК?



4

ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ ӨТТІ?



6



# Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ  
30

№6 (70)  
МАУСЫМ  
2021 ЖЫЛ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## МҰНАЙЛЫ ЕМБІ: ӨНДІРІСТІК ЖОСПАР ОРЫНДАЛДЫ

ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАР ЖАЛҒАСУДА –  
ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ҚАРҚЫН АЛЫП КЕЛЕДІ



Ағымдағы жылдың 12-мамыры күні Ембіге бас компаниялар басшылары – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Алмасадм Сатқалиев пен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев жұмыс сапарымен келді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да өткен жиын барысында кәсіпорынның өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметі және қызметкерлерді COVID-19 вакцинациясымен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

➤ ➤ ➤ (Басы. Толығырақ 2-бетте)





## Мұнайлы ЕМБІ: Өндірістік жоспар орындалды

**ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАР ЖАЛҒАСУДА –  
ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ  
ҚАРҚЫН АЛЫП КЕЛЕДІ**

(Басы 1-бетте)

- Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында 595 мың тонна мұнай өндіру жоспарланған болатын. Жоспар толығымен орындалды. Компания пандемияның таралуының алдын алу бағытындағы іс-шараларды іске асыруды жалғастыруда. Компания ұйымдастырған егу пункттерінің арқасында қызметкерлерді вакцинациялау қарқыны едәуір жеделдеді. COVID-19-ға қарсы екпе алған жұмысшылардың төрттен бір бөлігі 2 компоненттен тұратын вакцинаның толық циклын алды, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.

Бас компаниялар басшыларының сапары барысында ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек ҚАСЫМҒАЛИЕВ сандық трансформация бойынша Өндірісті жедел басқару орталығы аясында жүзеге асып жатқан «Интеллектуалдық кен алаңы» және басқа да жобалардың нәтижесі туралы баяндады.

Естеріңізге сала кетейік, ЕМГ-да цифрландыру жобасын іске асыру жұмыстары 2016 жылы Ұаз кен орнында («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) «Интеллектуалдық кен алаңы» пилоттық жобасын енгізуден басталды. Ембінің «Интеллектуалдық кен алаңы» жобасы «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілген. Қазіргі таңда аталған жүйе төмендегі кен орындарына таратылды:

- 2017 ж. Прорва кен алаңдары тобына («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ): Сағидолла Нұржанов, Батыс Прорва, Досмұхамбетов, Ақтөбе;

- 2018 ж. Жаңаталап («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) және Шығыс Мақат («Доссормұнайгаз» МГӨБ) кен орындарына;

- 2019 жылдан 2020 жыл аралығында - Шығыс Молдабек («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) кен орнына.

2021 жылдың наурыз айында «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» және «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында Жедел әрекет ету орталығы іске қосылды. Өндірісті басқару орталықтары өндірістік процестерді бақылауға, ұңғымалар мен өндірістік жабдықтардың жұмысындағы өзгерістер мен олқылықтарды тез байқап, қалпына келтіруге, осылайша ұңғымалар мен өндірістік жабдықтардың тоқтап қалу уақытын азайтуға, сол арқылы шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, өндірісті басқару орталықтары базасында «Сапарларды басқару» жобасы аясында нақты уақыт режимінде автокөлік құралдарының жылдамдық режимін сақтауына, қауіпсіздік белдіктерін қолдануға, көлік жарықтарын қосуға, көлік жүргізу барысында жылдамдықты күрт арттыруға немесе тежеуге және тағы басқаларға бақылау жүргізіледі (жоба туралы материалды 3-беттен оқи аласыздар, - ред.).

Жобаның мақсаты – қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында жазатайым оқиғалар мен көлік апаттарының алдын алу. Сонымен қатар, автокөлік құралдарының қызмет ету мерзімі ұлғайып, техникалық қызмет көрсету және көліктердің тоқтап қалу шығындары төмендейді деп күтілуде.



## ҚМГ 2021 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелерін жариялады

**«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ, Қазақстанның тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы, 2021 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелерін жариялайды.**

### 2021 жылғы бірінші тоқсандағы басты өндірістік көрсеткіштер:

Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2020 жылғы бірінші тоқсандағы 5 929 мың тоннамен салыстырғанда 5 318 мың тоннаға құрады;

Мұнай және газ тасымалдау көлемі, тиісінше, 18 327 мың тонна мұнай және 22 149 млн текше метр газды құрап, 2020 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 1,0% және 21,8%-ға кеміді;

Отандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі өзгеріссіз дерлік мөлшерде қалып, 4 662 мың тоннаға құрады.

	2021 ж 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	2020 ж 1-тоқсан (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	5 318	5 929	-10,3%
Газ өндіру, млн м³	2 058	2 260	-8,9%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	18 327	18 517	-1,0%
Газ тасымалдау, млн м³	22 149	28 320	-21,8%
Мұнай өңдеу, мың тонна	4 662	4 660	-0,04%

### 2021 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелер:

Арнайы өзге мәліметтер көрсетілмесе, өндірістік көрсеткіштер ҚМГ-ның бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарындағы үлестеріне, сондай-ақ, шоғырландырылған еншілес ұйымдары үшін 100% көрсеткіштерге сәйкес көрсетіліп отыр.

### Көмірсутек шикізатын өндіру:

2021 жылғы бірінші тоқсанда ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 5 318 мың тонна (тәулігіне 438 мың баррель) құрап, 2020 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 10,3%-ға төмендегенін көрсетті. Ілеспе және табиғи газ өндіру көлемі 8,9%-ға 2 058 млн текше метрге дейін төмендеді.

Мұнай және конденсат өндіру, мың тонна	2021 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	2020 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	%
Өзенмұнайгаз	1 299	1 397	-7,1%
Маңғыстаумұнайгаз	712	790	-9,9%
Ембімұнайгаз	595	701	-15,2%
Теңіз	1 331	1 535	-13,3%
Қашаған	305	365	-16,6%
Қарашығанақ	279	285	-1,8%
Өзгелер	798	856	-6,8%
<b>Жиыны</b>	<b>5 318</b>	<b>5 929</b>	<b>-10,3%</b>

### Мұнай және газ тасымалдау:

2021 жылғы бірінші тоқсанда мұнайды магистральмен және теңізбен тасымалдау көрсеткіші 1,0%-ға 18 327 мың тоннаға дейін төмендеді.

Мұнай тасымалдау, мың тонна	2021 ж 1-тоқс (100%)	2021 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	2020 ж 1-тоқс (ҚМГ үлесіне)	%
КазТрансОйл	10 238	10 238	10 510	-2,6%
Қазақстан-Қытай Құбыры	4 089	2 045	1 850	10,5%
МұнайТас²	943	481	284	69,3%
Каспий Құбыр Консорциумы	14 779	3 067	3 514	-12,7%
Қазақтеңізкөлікфлоты	2 496	2 496	2 359	5,8%
<b>Жиыны</b>	<b>-</b>	<b>18 327</b>	<b>18 517</b>	<b>-1,0%</b>

1 Мұнай көлемінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдауы мүмкін және сәйкесінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық есепке алынады.

2 Мұнайтас үлестік әдіспен шоғырланатын бірлескен кәсіпорын болып табылады, соған байланысты тасымалдау көлемі 51% иемдену үлесіне сәйкес көрсетілген.

Мұнайды магистралды құбырлармен тасымалдау көлемі 2,0%-ға қысқарып, 15 830 мың тоннаға құрады. Мұнай тапсыру көлемінің төмендеуі жүк жіберушілердің ОПЕК+ келісімі аясында мұнай өндіруді шектеу жөніндегі міндеттемелерді орындауымен байланысты болып отыр. Өз кезегінде жалпы қысқару 2020 жылдың қаңтар айына дейінгі «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-дан мұнай жеткізу деңгейінің қалпына келтіруімен ішінара теңдестірілді. Ол кезде мұнайдағы хлорорганикалық қосылыстардың шектен тыс көп мөлшерде болуы себебінен мұнай жеткізу қысқарды. Сондай-ақ, Шымкент МӨЗ (ПКОП) бағытында мұнай тасымалдау көлемінің ұлғаюымен теңдестірілді.

Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырсақ, 2021 жылғы бірінші тоқсанда мұнайды теңізбен тасымалдаудың жалпы көлемі негізінен Қара теңізде тасымалдаудың артуы есебінен 5,8%-ға ұлғайды.



«ҚазМұнайГаз» цифрлық трансформация бағдарламасы аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-да жүзеге асып жатқан «Сапарларды басқару» жобасы қызметкерлердің қауіпсіздік деңгейін арттыруға, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, автокөлік құралдарының қызмет ету мерзімінің ұлғайтуға, техникалық қызмет көрсету және көліктердің тоқтап қалу шығындарының төмендетуге бағытталған.

## «САПАРЛАРДЫ БАСҚАРУ»: ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Жоба аясында ЕМГ-ның барлық 4 мұнай-газ өндіру басқармасының 418 автокөлік бірлігіне датчиктер орнатылды, олар онлайн режимінде қызметтік автокөліктер мен арнайы техниканың жылдамдық режимін, жүргізушінің қауіпсіздік белдігін пайдалануын, көлік жарықтарын қосуын, жылдамдықты күрт арттыру мен төмендетуін, сондай-ақ, геолокацияны көрсетеді. Осы деректердің барлығы Компанияда енгізілген CityPoint компьютерлік платформасында жинақталып, ЕМГ бас кеңсесіндегі Өндірістік процестерді бақылау орталығында арнайы мониторлардан тікелей көрсетіледі.

Атап айтқанда, автокөліктің орналасқан жері белгіленген карта көрсетіледі. Олқылықтар орын алған жағдайда өндірістік техниканың қозғалысын басқаратын диспетчерлер жедел хабарлама алады. Сондай-ақ, кенішілік жолдар ішінде (40 км/сағ шектеулер) және кен

орындары ішіндегі асфальт жолдарда (60 км/сағ шектеулер) геоэоналар қойылды.

Сонымен қатар, жүйе автоматты түрде қауіпсіздік рейтингін жасақтап, үздік көлік жүргізушілерді ынталандыруға жол ашады. Сондай-ақ, CityPoint арқылы жолға шығу парақтарын рәсімдеу айтарлықтай жеңілдетілді.

- CityPoint жүйесін енгізе отырып, біз бірқатар проблемалардың кешенді шешімдерін алуға қол жеткіздік. Алдымен, көлік құралдарының мониторингін саласында заманауи шешімдері бар жүйенің кең функционалдығын атап өткім келеді. CityPoint жүйесінің арқасында компания бірнеше платформаларды жабдықты ауыстырусыз бір-біріне біріктіруге мүмкіндік алды. Бұл жоба экономикалық тұрғыда тиімді. Өйткені, шығындардың алдын алуға септігін тигізеді. Көлік жүргізу қауіпсіздігін бақылауға келетін

болсақ, бізге мұнай-газ саласының барлық әлемдік стандарттарына сәйкес келетін «RAG report» есеп беру формасы ұсынылды, - дейді **ЕМГ автокөлік бөлімінің бастығы Мәлік ТӨРЕСАЕВ**.

Алдағы уақытта жүйенің мүмкіндіктерін кеңейту көздеуде. Ағымдағы жылы осы жоба аясында жаңа GPS-жүйесіне мердігер компаниялар да кезең-кезеңмен қосылатын болады.

- CITYPOINT – телематикалық платформасы арқылы ауқымды интеграциялық жобаларды іске асыруда мол тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар тобы. Біздің компанияның клиенттері – ЕМГ, Shell, Honeywell, Baker Hughes, KPO B.V., NCOС, «Теңізшевройл» ЖШС және т. б.

Citypoint жүйесін «Ембімұнайгаз» кәсіпорнына енгізу бағытындағы жобадан үйлесімді жұмыстың арқасында көлік құралдарының мониторингі жүйесіндегі жаңалықтар сыналып, жұмысқа сәтті қабылданды. Солардың бірі – «Хабарламалар дашборды». Осы дашбордтың мысалында біз тек дайын өнімді ғана емес, үнемі жақсарып отыратын өнімді де ұсынамыз. Енгізілген функционал «Ембімұнайгаз» сынды ірі компаниясымен қатар, бүкіл нарық үшін де көлік құралдарын ұтымды мониторингілеу үшін тамаша шешім болып табылады, - дейді **«ZhaikCaspianGroup» директоры**

**Ербол ҚҰСПАНОВ.**

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ корпоративтік орталығының трансформациялау және цифрландыру командасы сарапшыларының, сондай-ақ, тағылымдамадан өтіп жатқан «Жас Өркен» бағдарламасының жас мамандарының «жаңа көзқарастарының» арқасында жоба басынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік блогынан қолдау тапты және «ҚазМұнайГаз» тобында енгізіліп жатқан жобалық басқару әдіснамасына сәйкес орындалды.

- Компания жұмысшылардың қауіпсіздігіне баса назар аударады. Мұның барлығы қызметкерлер жұмысының сапасын бақылау үшін қолға алынған шара екендігін жақсы түсінеміз.

CityPoint жүйесі енгізілгеннен бері менің қызмет барысындағы жауапкершілігім арта түсті. Өйткені, CityPoint жүйесі әрбір «қателікті» бәрден байқап, хабарлап отырады. Мұның бәрі күнделікті өмірімізде де көмектеседі, - дейді **«Жайықмұнайгаз» автошистернасының жүргізушісі Жұмабек ӘБІЛХАСОВ** жобаның тиімділігін оң бағалап.

«Сапарларды басқару» КМГ-нің цифрландыру жүйесіне жаңартылған бағытын толық көрсетеді. Яғни, оған сәйкес әрбір цифрлық жоба өндіріс қажеттілігінен шығуы, бизнестің нақты проблемасын шешуі, шығындарды қысқартуға ықпал етуі тиіс.

Ембіде пилотты түрде жүзеге асырыла бастап, тиімділігін дәлелдеген жоба бас компанияның өзге де еншілес ұйымдарына таратылмақ.



### КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА...

## 30 МАМЫР - ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ!

Бүгінгі таңда химия өнеркәсібі – елдегі өнеркәсіптің жетекші салаларының бірі.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен алаңдарындағы мұнай дайындау және айдау цехтарының лаборанттарының жұмыстары үлкен маңызға ие.

Мұнайдың құрамын анықтау, сапасын тексеру, мұнайды технологиялық дайындаудың әр кезеңінің сапалы жүруін тексеруде химиялық талдау лаборанттарының үлкен қолтаңбасы жатыр. Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз, құрметті сала мамандары!



Гүлдана ДЕКЕЕВА, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының лаборанты:

Арман алға жетелейді. Жастайымнан өнімдердің химиялық құрамын, сапасын зерделеуге ерекше қызығушылық танытатынымын. Мектепте жүрген кезімде химия пәнін өте жақсы көрдім. Сондықтан, мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан соң, өмірімді химия саласымен байланыстыруға бірден шешім қабылдадым.

## «МАМАНДЫҒЫМДЫ СҮЙЕМІН»

Сөйтіп, Атырау мұнай және газ институтының «Отын және көмірсутек материалдарының химиялық технологиясы» мамандығы бойынша жоғары білім алып шықтым. 2005 жылы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-на химиялық талдау лаборанты болып еңбекке жұмысқа орналастым. Сол кезден бастап менің жас маман ретінде өз жұмысыма қызығушылығым арта түсті. Ел экономикасын еселеген «қара алтынның» құрамын тексеру, сапасын бақылап жүріп, өзім үшін жаңа ғылыми жаңалықтар ашқандай күйде болатыным.

Кәсіби маман ретінде қалыптасуыма сол кездегі зертхана меңгерушісі Айбол Шапатиннің көп үлесі болды. Еңбек еткен алғашқы күндерімнен-ақ техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, мұнай талдауларын мемлекеттік стандартқа сәйкес жүргізу және тез тұтанғыш болғандықтан, тиянақтылық пен ұқыптылықты сақтау – лаборанттың негізгі міндеті екендігін егжей-тегжейлі түсіндірді. Ол мені бірден өзіне баулып, мамандықтың қыр-сырын үйретуден жалыққан емес. Күнделікті жұмыс басталысымен мені қасына алып, жанынан тастамай әр қимыл, қадамын асықпай түсіндіретін. Мамандықты жақсы көрген адам ғана кәсіби маман болып, биіктерді бағындары алатынын осы тәлімгерімнен ұғындым.

Қазіргі таңда вахталық әдіспен еңбек етудемін. Әйел адамға үйден жырақта жүріп, еңбек ету оңайға соқпайтыны белгілі. Дегенмен, жолдасымның, аналарымның, ұжымымның қамқорлығымен екі үлкен жауапкершілік – негізгі кәсібім мен отбасылық жауапкершілікті қатар алып жүрмін. Өйткені, қолдау, береке бар жерде – әр іс табысты жүреді.





## COVID-19-ға қарсы вакцина алғаннан кейін ауыру қаупі бар ма?

Вакцинация - коронавирус инфекциясына қарсы жалғыз қорғаныш шарасы, аурудың ауыр түрлерін, асқын қаупін азайтады.

Егер сіз екпе алғаннан кейін ауруды жұқтырғанның өзінде, ол жеңіл түрде, асқынусыз өтеді.

### Есте сақтаңыз

Симптомсыз пациенттер инфекция көзі болып табылатынын есте сақтаңыз! Бетперде тағуды, әлеуметтік қашықтықты, қол гигиенасын және жөтелу этикетін сақтауды жалғастырыңыз.



1-2 метр

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі  
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

## COVID-19-ға қарсы вакцина салдыруға болмайды, егер:



18 жасқа толмаған болсаңыз

сіз жүкті және бала емізетін әйел болсаңыз

сізде медициналық қарсы көрсетілмдер болса

медициналық қарап-тексерілуден өтпесеңіз

дене қызуыңыз 37°C жоғарыласа

вакцинациялау кезінде немесе алдыңғы 2 аптада ЖРВИ-мен ауырған болсаңыз

сізде жіті жұқпалы және жұқпалы емес диагнозы болса

сізде созылмалы немесе аллергиялық ауруларыңыз асқынса.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі  
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

## COVID-19-ға қарсы вакцинация қалай жүргізіледі?

### Қайда

- Тұрғылықты жері бойынша емханада/ шақырту бойынша уақытша екпе жасау пункттерінде
- Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіздің болуы қажет

### Екпе алдыңда:

1. Сізден сауалнама, ерікті ақпараттандырылған келісім парағын таптыруды сұрайды. Сізге вакцинациялау жұрты туралы мағлұмат береді.

дәрігер/фельдшер міндетті медициналық қарап-тексеру жүргізеді

3. Вакцинациядан кейін: 30 минут медицина қызметкерінің бақылауында, содан кейін 3 күн үшкелілік медицина қызметкерінің бақылауында болуыңыз тиіс.

4. Сізге вакцина алғаннан кейін өзіндік назар созылған жағдайда қайда қаралу керектігі жөнінде ақпараттық парақ береді.

5. COVID-19-ға қарсы вакцина екі рет жүргізіледі. Бірінші вакцинациядан кейін 21 күн өткен соң екінші екпе алу күні мен уақыты туралы СМС-хабарлама келеді.

Екінші вакцинациядан кейін сіз алынған екпе туралы мәліметтері бар - вакцинациялау күні, вакцина атауы, өндірісі, жарамдылық мерзімі, сервистің деңгейі қолы атаулы сертификат аласыз.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі  
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

## ВАКЦИНАЦИЯЛАУДЫҢ АЛДЫНДА АНТИДЕНЕЛЕРГЕ ТЕСТ ТАПСЫРУ КЕРЕК ПЕ?



Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкес, КВИ-ге қарсы вакцинациялау алдында антиденелерді анықтау үшін ИФА зерттеуін жүргізу қажет емес.

Аталған инфекциямен ауырған адамдарды КВИ-ге қарсы вакцинациялау аурудан жазылғаннан кейін 6 ай өткен соң, антиденелерге скринингсіз денсаулық жағдайын ескере отырып жүргізу ұсынылады.

Қазіргі кезде дүние жүзінде қандағы антиденелердің «қорғаныш» деңгейін көрсететін бірде-бір нормативтік құжат жоқ. Яғни, клиникалық жағынан айқындалатын ауыру қаупі жоқ. Осыған байланысты, вакцинациялау алдында антиденелердің деңгейін анықтау арқылы ақпарат алуға болмайды.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі  
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

## COVID-19-ға қарсы салынатын вакцина қауіпті ме?

Вакцина инфекциялық агенттерді - ауру тудыру мүмкін вирустарды, бактерияларды немесе басқа да микроорганизмдерді имитациялайды. Осылайша адамның иммундық жүйесі тез және тиімді жауап беруге «үйренеді».

COVID-19-ға қарсы вакцинациялау кезінде ауру тудырмайтын, бірақ, сонымен қатар, иммундық жауапты қауіпсіз генерациялайтын, инактивацияланған немесе әлсіздендірілген вирусты пайдалана отырып фрагменттер қолданылады.

ДДСҰ жаппай қолдануға рұқсат берген вакциналар ауруларға қарсы күресте олардың қауіпсіздігін және тиімділігін дәлелдеу мақсатында міндетті түрде тестілеуден және клиникалық сынақтардан өтеді, сондай-ақ ұлттық реттеуші стандарттарына сәйкес келетіндігі тексеріледі.



ҚР Денсаулық сақтау министрлігі  
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

## ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Елімізде COVID-19 инфекциясына қарсы жаппай вакцина салу басталды. Коронавирус вакцинасын ақылы түрде салу заңдастырылмағандықтан екпе ерікті түрде жүргізілуде. Негізгі мәселеге көшпес бұрын, пандемия туралы дерекке орай сәл-пәл артқа шегініс жасасақ.

60 күн бойы жоғары деңгейде сақталады екен.

### КІМДЕР ВАКЦИНА АЛА АЛМАЙДЫ?

Коронавируспен ауырған адамға 6 ай бойы вакцина салуға болмайды. Ғалымдар коронавирус инфекциясы жұққаннан кейін пайда болатын антиденелер 3-6 айдың арасында түгел жойылатынын дәлелдеді. Яғни, вирус жұқтырып ауырған адам 6 айға дейін вакцина салдыра алмайды. Сонымен қатар, жүкті әйелдерге және 18-ге толмағандарға вакцина салынбайды. Вакцина кез-келген созылмалы ауруы бар адамдарға және онкологиялық науқастарға екпе салынбайды.

# ВАКЦИНА АЛАРДА НЕНІ БІЛУІМІЗ КЕРЕК?

Әлемдік ғалымдардың айтуы бойынша дүниежүзінде кем дегенде 100 миллионнан астам вирус түрі бар екен. Бүкіл әлемді қорқыныш құрсауына алған COVID-19 коронавирусы - соның бірі ғана. Мамандардың дәйекті пікіріне жүгінсек, вакцина-бүгінгі таңда аталмыш вирустан сақтанудың бірден-бір жолы. Тарихқа назар салсақ, өмірімізде талай жұқпалы дерттер - вирустар болған. Соның бірі - XVIII ғасырда пайда болған Шешек вирусы бүкіл әлемді үрейлендірген. Миллиондаған өмірді жалмаған дерт. Шешек вирусын жұқтырған адамдардың үштен бірі өлген. Әуелі Азияда пайда болып, кейін Еуропа мен Америкаға тараған вирустан әлем халқы тек XX ғасырда жаппай вакцина алудың арқасында ғана құтылған. Кез-келген вируста қарсы адамзат ойлап тапқан басты қару - екпе.

### СОНЫМЕН, ВАКЦИНА АЛУҒА БАРҒАН ӘРБІР АДАМНЫҢ ЕСІНДЕ БОЛУ КЕРЕК НӘРСЕЛЕР...

Ең бастысы, екпе аламын деуші адам вакцина алуға келісілген уақыттан кешікпеуі керек. Себебі, вакцинаны ашқаннан кейін ол 2 сағаттың ішінде егіліп болуы қажет. Вакцинация жасар кезде екпені өз еркімен алып жатқаны туралы қолхат алынады. Дәрігер екпе алуға барған адамның сол сәтте денсаулығының жақсы екенін тексереді. Екпе алушының дене қызуын, сатурациясын, қан қысымын өлшеп, жүрегін, өкпесін, тамағын тексеріп, саулығына көз жеткізеді. Вакцинация алдында ағзадағы антиденелерді тексеріп көрген жөн.

Бүгінде елімізде салынып жатқан «Спутник V» вакцинасы 2 кезеңнен тұрады. Бірінші және екінші кезең арасында 21 күн өтуі керек. Ал белгілі бір жағдаймен 21 күннен асып кетсе, екпе алушының 60 күнге дейін уақыты бар. Яғни, екі кезең арасында 60 күнге дейін аралыққа жол беріледі. Соңғы зерттеу жұмыстарының қорытындысы бірінші жасаған вакцинадан кейін ағзада пайда болған антиденелердің иммундық қабілеті

### ЕНДІ, МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ТАРАПЫНАН ЖИІ БОЛАТЫН САУАЛАРҒА ТОҚТАЛСАҚ.

#### Екпеден кейін ПТР - тестін тапсырамыз ба?

COVID-19-ға қарсы вакцинаның толық курсын алғандардан ПТР-тест талап етілмейді.

#### Вакцина алғандар маскасыз жүруге бола ма?

Маскасыз жүруге әзірге ерте. Біз маскадан толық құтылу үшін елдегі ересек адамдардың 60 пайызы вакцина алып, ұжымдық иммунитет пайда болуы керек. Бұл - еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі мамандарының жауабынан. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой: «Коронавирусқа қарсы вакцина алғандар санының біртіндеп артуына байланысты Бас мемлекеттік санитар дәрігерінің қаулысымен вакцинаның толық курсын алған адамдар үшін кейбір шектеулер алынып тасталды».

«Вакцина алған адамдар коронавирус жұқтырғандармен байланыста болса да оқшауланбайды, бірақ дәрігердің бақылауынан өтеді, кеңсе қызметкерлеріне әдеттегі жұмыс режиміне өтуге рұқсат етіледі».

### ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН БАЛА КӨТЕРУГЕ БОЛА МА?

Иә, болады. Көпшіліктің арасында вакцина алған адамдар бедеулікке ұшырайды екен деген пікір кең тарап кеткен. Дәрігерлер бұны ескі миф деп санайды. Бедеулікке ешқандай қатысы жоқ деген деректерін алға тартады. Демек, бұл - негізсіз алаңдаушылық.

Сөздің соңында айтарымыз, екпе салғандар ауырмайды деген нақты емес, вакцина аурудың ауыр өтуінің алдын алады. Вакцинация коронавирустық тромбоз қаупін шамамен 8 есеге азайтады.

## ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ ДЕГЕН НЕ?



НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР  
ОБЩЕСТВЕННОГО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

Ұжымдық иммунитет - бұл халықтың көпшілігі белгілі бір жұқпалы аурудың қоздырғышынан қорғалуы тиіс шекті вакцинациялау деңгейіне жету.

Коронавирус инфекциясына қарсы ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін еліміздегі ересек адамдардың 60%-ын вакцинациялаумен қамту керек. Бұл қоғамдағы вирус айналымын төмендетеді үлесін азайтады және вакцина ала алмайтын әлсіз топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



COVID-19 жұқтырған адамдардың жартысын да ауру орташа немесе жеңіл түрде өтетінін, ал кейбір адамдарда ешқандай симптомдардың байқалмайтынын естен шығармаған маңызды, алайда көптеген адамдар қатты ауырады және ауруханаға жатуды мұқтаж.



ҚР Денсаулық сақтау министрлігі  
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ



# 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН–СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР Заңы қабылданды. Ал, ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, сондай-ақ, 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады.

Бұл шара – жазықсыз жапа шегіп, қазақты егеменді ел етеміз деп еркіндікке ұмтылған ерлердің алдындағы борышты өтеуге, парызды ақтауға арналған жұмыстардың бастауы.

Жалпы, зерттеушілер деректеріне сүйенсек, 1927-53 жылдары Қазақстан бойынша 125 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылды. Осы қуғын-сүргін жылдарында бүкіл елде 953 лагерь болған. Қазақстанда ГУЛАГ-тың 20-дан астам лагері орналасқан.

Ресейдегі төңкеріс, одан кейінгі азаматтық соғыс, қуғын-сүргін жылдары Ембіде дамып жатқан мұнай өнеркәсібінің құлдыратып, дамуына тежеу салды.

1917-1920 жылдар аралығындағы мұнай кәсіпшілігінің экономикалық құлдырауы былайша сипатталады.

Жылдар	Өндірілген мұнай, пұт	Ұңғымалар
1917	254763	101
1918	145782	92
1919	26611	29

Сөйтіп, 3 жылда-ақ мұнай өндіру 10 есеге жуық азайып, ал, ұңғымалар саны 3,6 еседей кеміген. Осы жылдары өндірілген өнімнің 90 пайызы 1918 жылға дейін Доссорға тиесілі болса, ал, кейінгі жылдары толықтай оның билігіне көшті. Мақат кәсіпшілігі 1917 жылдың басынан 30 қыркүйекке дейін небәрі 52525 пұт мұнай өндірген. Бұл жылдары ауданнан шетелдік фирмалар өз құрал-жабдықтарын жинап, жұмыстарын тоқтатты. Соның нәтижесінде бұрғылау жұмыстары да ілгері баспады. Сонымен бірге, ресейлік тау-кен зерттеушілері Тихонович, Миронов, Замятин, т.б. өз жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болған.

## БАТЫС АЛАШОРДА ЖӘНЕ ДОССОР МҰНАЙЫ

Алаш қозғалысын сөз еткен еңбектерде көрсетілгендей, «Ойыл уәлаятының уақытша үкіметі» – 1918-1919 жылдарда Ресейде жеке-жеке отау тіккен Қоқан және Башқұрт автономиясы, Самарадағы Комучпен Колчактың Уақытша Сібір үкіметтері сияқты қазақ даласындағы бірден-бір мемлекет, саяси құрылым.

Ол 1918 жылдың 18-21 мамыр аралығында Жымпитыда өткен 4-Орал облыстық қазақ съезінің қарарымен құрылды. Бұл жаңа замандағы қазақтардың өз елін өзі



болған Кермекас, Былан, Қаратөбе болыстары енген. Оның жоғарғы органы – Земство управасы, мемлекеттік управасы – Кеңес, мемлекеттік орган құратын атқарушы билік аппараты – Уақытша үкімет болып есептелген. Зерттеушілер уәлаят Жымпиты, Ойыл және Сағыз уездеріне бөлінгенін көрсетеді.

Алашорданың Батыс бөлімшесі, т.б. Алашорданың сұрауымен жанар-жағармай тасыған көліктер Жымпиты мен Ракөш аралығында дамып таппай шұбырған заман еді. Айталық, 1919 жылдың 20 мамырында Жымпитыға Мақаттан 450 пұт қарамай, 200 пұт мұнай, Доссордан 170 пұт мұнай жіберіліпті. Ал, 4 маусымда Сағыз земство управасының сұранысымен 8 бөшке, Қызылқоға управасының өтінішімен 7 бөшке мұнай тиеген керуен жол сапарын бастапты. Сол жылдың тамыз айында Сімбірті болысы №6 ауылының қазағы Кенжеғали Карабалин Орал ерекше армиясының рұқсатымен әскерилерге тапсыру үшін 500 пұт мұнай тиеген 15 көлікпен жолға шығыпты.

Бір айта кететін жағдай: бұл көліктердің бәрі мақсатты жерге жете алған жоқ. Қызылдарды қолдайтын мұнайшылардың мәліметі бойынша олар большевиктердің қолына түсіп, болмаса тұрғындардың қажетіне пайдаланып кетті. Алайда, казачествоның халі мүшкіл, күйрейтін күні таяу еді. Сондықтан, олар мұнай өнімдерін аяусыз ысырап жасай берді. Мұнай мен керосинді енді жергілікті күзет бастығының рұқсатымен де жіберетін болды. Мұнай фирмаларына өнімдерді Сокол базарына апарып айырбастауға рұқсат етіледі.

**МАҚАТ МҰНАЙЫ ЖӘНЕ АЛАШОРДА**  
1919 жылдың басында отын дағдарысына ұшыраған

билеу, басқару өкілеттігінің өмір сүру формасын анықтау жолындағы тұңғыш нақты талпынысы болатын. Оған кейіннен «Алашорда Батыс бөлімі» деген атпен пәрмен беріледі.

Уәлаяттың әкімшілік-территориялық құзырына Жайықөзенінің Бұқар бетіндегі (сол жағалау), соның ішінде, қазіргі Мақат өңірінде

Кеңес өкіметі басты назарды Ембі кәсіпорындарын ақ казактардан тазартуға аударғаны мәлім. В.И.Лениннің Жайықтың сағасы мен Гурьевті басып алу жөніндегі жеделхатын «көсемнің көрегендігі» деп дәріптегеніміз де рас. Шынында ол мұнайды жаулап алумен бірге қызылдар өкіметінің үстемдігін орнату бағытындағы әрекет болатын. Әйтпесе, халық сайлаған Алашорда үкіметімен санасып, бірігіп іс-қимыл жүргізер еді. Олай болған жоқ. Қызыл Армияның командашысы М.Фрунзе казактардың заңды үкіметін мойындаудан бас тартты. Соған қарамастан Алаш атты әскерилері Қызылқоғаға бекінген Елек корпусының штабын, генерал Акутин бастаған офицерлермен қоса, тұтқынға алады. Екі күн бойы оларды құтқармақ болған ақ казактармен ұрыс жүргізеді. Бұл Ембі мұнайын жаулап алу үшін шабуылды өрістеткен Қызыл Армияның тез жеңіске жетуіне үлкен септігін тигізген еді.



Командашы М.Фрунзенің бұйрығында 1920 жылдың 15 қаңтарынан қалмай Гурьевті алу міндеттелсе, қала 5 қаңтарда, Ембі кәсіпшіліктері 8 қаңтарда ақгвардияшылардан азат етілді.

Ракөштегі 12 млн. пұт мұнай мұнайшылардың жанқиярлық қимылы арқасында ерттен құтқарылды. Ал, большевиктік билік сұйық отынды Орталыққа жеткізу жұмысын шұғыл қолға алады.

Бірақ, Алаштың жанқиярлық істерін қызыл әскерлер иемденіп кеткені М.Фрунзе В.Ленинге жіберген жеделхатында ақтың штабын өздері тұтқындады деп баяндағанын білеміз.

Алаш үкіметі мен оның жасағы таратылады, Үкіметтің белсенді басшылары халықтан оқшауландырылды. Халқының келешегі үшін бар өмірін сарп еткен арыстардың кейінгі тағдырларының қандай күйге ұшыраған тарихтан мәлім.

(«Атамұнай» кітабынан)  
(Суреттер Компания мұрағатынан)

## ЕМБІЛІК АРДАГЕРЛЕР

# АДАЛ ЕҢБЕКТИҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРГЕН

Жұманың әкесі Назар Аққожаұлы, қаршадайынан еңбекке араласып ер жеткен. Ол өзінің бүкіл ғұмырын Қосшағыл мұнай кентінде оператор-мұнайшы болып өткізген екен. Ол кездегі май-талман мұнайшылардың күн демей, түн демей, уақытпен санаспай жасайтын жұмыстары нағыз жанкешті тірлік еді.

«...Назар түскі ас ішуге келместен өндіріс басында жүретін, ал, жұбайы Мәден үйдің шаруасын тап-тұйнақтай етіп тындырып, шалын тағатсыз күтіп отыратын еді», - деп еске алатын ауылдастары. Ауыл адамдарына тән қонақжайлылықтары да ерекше еді-ау сол заманның адамдарының.

Осындай қарапайым еңбек адамдарының жанұясында дүниеге келген сол ауыл жастарының да болашақ мамандықты таңдауда көп қалаулары болған жоқ, түгел дерлік сол мұнай саласына аттанды. Назар ақсақалдың ұлы

Жұма да әскер қатарынан азаматтық борышын өтеп келе сала, мұнайшы әкесінің «аса таяғын» қабылдап алды. Ол әскер қатарына аттанбастан, бұрын аз ғана мезгіл «Құлсарымұнай» МГӨБ мекемесінде жұмыс жасап, мұнайшы еңбегінің дәмін татып үлгерген еді. Енді оны «Қосшағыл» монтаждық бригадасына жұмысқа қабылдады.

Бұл 90-шы жылдардың басы еді. Кейіннен «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының жөндеу механика цехына слесарьлық қызметіне ауыстырды. Сол жерде 28 жыл бойы тап-

жылмай бір мекемеде еңбек етіп, 2000 жылы құрметті зейнеткерлік демалысқа шықты. Өзінің адал еңбегімен ұжым ортасында үлкен сый-құрметке ие болды, талай-талай ізбасар мамандар дайындады. Оны қасындағы жігіттер аз сөйлеп, көп жұмыс тындыратындығы, әрбір ойлаған ісін «жеті рет өлшеп бір рет кесетін» қасиеті үшін сыйлайтын еді.

Өңіріміздің мұнай саласында елеулі еңбек еткен Жұма Назарұлы бүгінгі таңда «ұяға ұшырып, қияға қондырған» ұл-қыздарынан немере-жиен көріп, солардың сүйінішіне бөленіп отыр.





# ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ ӨТТІ?



Міне, тағы бір оқу жылы аяқталды. Пандемия кезінде еліміздің білім жүйесіне ерекше салмақ түсті. Соңғы 2 жылда білім саласында дәстүрлі форматта білім алуға мүмкіндік болмады. Жаһандық індет тек ересектерді ғана емес, балаларды да қиналтты. COVID-19 кезіндегі білім алу барысы мен мектеп оқушыларының көңіл-күйін ембілік мұнайшылар балаларының көзімен саралап көрсек...

Самғат Қазиев,  
Мұқыр орта мектебінің  
9-сынып оқушысы:

## ҚИЫНДЫҚТЫҢ АРТЫНДА ЖАҚСЫЛЫҚ БАРЫНА СЕНЕМІН



Мен үшін онлайн оқудың зияны басым. Оқытудың жаңа тәсілінің пайдасы дегенде ештеңе ойыма түсер емес. Бәлкім, пайдасы тек бұрын естімеген «қашықтықтан оқыту» деген жаңа форматты көргеніміз болмаса. Ал, зияны...

Алдымен, сабақты компьютер алдында отырып оқу, одан қалды телефонға үнілу денсаулығымызға зиян, көзге – салмақ. Екіншіден, кейде ғаламтор желісі дұрыс болмай, сабаққа уақытылы кіре алмай жатамыз. Сол күнгі тақырыпты дұрыс меңгере алмай, бағдарламадан қалып қойып жатқан кездеріміз көп болды. Мектепке достарыммен бірге барып, мұғалімнің алдында 45 минут бойы білім алғанға, бетпе-бет отырып, білмегенді сұрап, пікір алмасқа ештеңе жетпейді екен. Сыныптастарыммен бірге өткізген әрбір минуттың өзі қызық екен ғой. Тамаша сәттер дер едім.

Бұл – баршаға түскен қиындық. Көнеміз, тек мұның бәрі уақытша деген үмітпен. Әрбір қиындықтың артында жақсылық, жетістік барына сенемін. Алдағы уақытта мектеп формамызды киіп, мектепке, сабаққа қарай асығатын күндер болары хақ. Тек, тезірек болғай.

**PS. Самғаттың анасы - Гүлжайна Хасенова «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімшесінің құрал-сайманышы болып еңбек етеді.**



Фарида Канатбай, А.Шахатов атындағы №76 орта мектептің 5-сынып оқушысы:

## МЕКТЕБІМДІ САҒЫНДЫМ



Карантиндік шараларға байланысты қашықтықтан оқытуға көшкелі мектебіме деген сағынышым арта түсті. Сыныптастарыммен бірге жүріп, бір партада отырып, үзілісте бірге ойнаған кездерді сағындым. Үйдегі тәртіп мен мектептегі тәртіп екеуі екі бөлек. Қашықтықтан оқуға әркім әртүрлі қарайды, әрине, үйде де тәртіп бар. Ата-анамыз үнемі бақылауда ұстайды. Алайда, мен мектепке барғым келеді. Оқушылар мектептен оқығанын, бұрынғы форматпен оқығанын қалаймын. Оқушылық өміріміз мектеппен тығыз байланыста өткен жөн.

Ересек өмірге асықпаймын, балалықтың тамаша күндерінде бола түссем деймін. Ертең-ақ ержетеміз, мектепті, оқушылық өмірді сағынарымыз анық.

Сонда есімізге үйде отырып, карантиннің қиындығын көргенімізді аламыз ба?! Мен оны қаламаймын. Тезірек, сабаққа жиналып, мектепке асыға кетіп бара жатқан күндер келсе екен.

**PS. Фариданың анасы – Айсұлу Әділова «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы коммуналды-шаруашылық бөлімшесінің коменданты болып еңбек етеді.**

Айғаным ДУЛАТҚЫЗЫ, Х.Санбаев атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы:

## ОНЛАЙН ОҚУ ФОРМАТЫНА ҮЙРЕНУГЕ АНАМ КӨМЕКТЕСТІ



2020 жылдың наурыз айынан бастап онлайн режимде оқыдық. Алғашында бұлай оқуымыз 1-2 айлық қана шығар деп ойлағанбыз. Сөйтсек, карантин режимі ұзаққа созылды. Осымен екінші оқу жылын қашықтықтан оқу бағдарламасы арқылы аяқтап жатырмыз. Қиындықтар болды. Қашықтықтан оқуға бастапқы кезде мүлдем үйрене алмадық. Ғаламтор байланысы да онша болмады, WhatsApp әлеуметтік желісінің нашарлығынан сабаққа қосыла алмаған кездеріміз де көп болды. Содан кейін ZOOM платформасы арқылы сабақтарымызды жалғастырдық. Шынын айту керек, қашықтықтан оқуға мектептің бүгінгі жағдайы (керекті жабдықтармен қамтылуы), мұғалімдер де, балалар да дайын болмады. Әсіресе, ауылдық жерлерде ғаламтор желісі байланысының нашар екендіктері қатты сезілді. Менің кейбір сыныптастарымның отбасында бірнеше бала бар, барлығы бір мезгілде болатын сабаққа қатыса алмай қалды. Себебі, оларда бірнеше планшет, ноутбук болмады. Бұл жерде айтқым келгені, көптеген достарыма

ата-анасыңыз еңбек ететін компанияның қашықтықтан оқытуға орай мұнайшы балаларына планшет-ноутбуктан көмек көрсеткені қатты ұнады. Оқу бағдарламасына қосылу үшін үйдегі өзге балалармен кезекке тұрмайтын болдық деп қуанды.

Негізі күнделікті сабақты меңгеру маған аса қиындық тудырмады. Мамандығы мұнайшы болса да, бүгінде үйде балалармен отырған анам Гүлшат бізге алғашында көп көмек көрсетті. Қазір өзіміз де қашықтықтан оқуға әбден төселіп алдық. Алайда, мен мектептегі дәстүрлі форматтағы сабақты ұнатамын.

**PS. Айғанымның әжесі Дулат Жанасов «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Шығыс Мақат кен орнында мұнай дайындау және айлау цехы басшысының орынбасары болып еңбек етеді.**



## ДЕМАЛЫС

Жаз - көпшілігіміз үшін демалатын, саяхаттайтын мезгіл. Алайда, әлемді алаңдатқан коронавирус дертінен көптеген елдер шекараларын жауып, біздің демалатын орындарымыздың қатары сиреп қалғаны рас. Жылына бір рет демалысты, соның ішінде, отбасылық демалысты жоспарлап отырғанымыз анық. Осыған орай, биыл қайда демалуға болады деген сауалға нақты жауапты тиісті дерек көздерінен іздеп көрдік. Сонымен, биыл қайда саяхаттауға болады?

Bloomberg агенттігі коронавирус пандемиясы кезінде ең қауіпсіз елдердің рейтингін жасапты. Тізімнің басында **Сингапур** елі тұр. Қауіпсіздік жағдайларының сақталуы бойынша бұл ел бірінші орында. Одан кейін туристерге қауіпсіз демалысты ұсынатын ел - **Жаңа Зеландия**. Көшбасшылар қатарына іліккен елдердің кезекті легін **Австралия** мен **Израиль** мемлекеттері



# ҚАЙДА ДЕМАЛҒАН ҚАУІПСІЗ?



жалғастырып тұр. Ал, бесінші орында - **Тайвань**. Алтыншы - **Оңтүстік Корея**, жетінші - **Жапония**, сегізінші - **БАӘ**, тоғызыншы - **Финляндия**, оныншы - **Гонконг** елдері. Бұл елдердің барлығы да туристердің алаңсыз демалуы үшін қажетті жағдайларды қарастырып жатыр,- дейді агенттік. Мұндай рейтинг елдегі адам саны, дерттің бүгінгі көрсеткіші мен тұрғындардың вакцина

алуымен есептеледі. Аталмыш елдердегі қауіпсіздік көрсеткішінің жоғары болуын дер кезінде вакцинация жұмыстарының қолға алуымен ұштастырады.

Рейтингтердің қорытындысына назар аударсақ, жоғарыда аталған елдерден өзге қазақстандықтарға жақсы мәлім **Түркия, Тайланд, Франция, Грузия, Өзбекстан** елдері де барлық қауіпсіздік талаптарды жүзеге асырып жатыр.



Бүгінгі таңда Қазақстанның көптеген елдермен халықаралық әуе қатынастары кезең-кезеңімен қалпына келтірілуде. Шетелде демалуды көздеген туристердің маска тағу, әлеуметтік арақашықтық пен тазалық сақтауға жауапты екендіктерін қаперлеріне береміз. Сақтық шаралары барлық елде басты назарда. Кейбір елдерде қатаң бақылауда, талапты сақтамаған

туристерге шара қолданылады. Сонымен қатар, әуежайда олардың денсаулықтары тексеріліп, дене қызуы өлшенеді.

Ал, биылғы демалыстарын өз еліміздің аумағында өткізуді жоспарлағандар болса, вакцинаны толық алғандар ел аумағында еркін жүріп-тұра алады. Сауда, демалыс аумақтарына кіре алады. Олардан ПТР қорытындысы талап етілмейді.

## ВАКЦИНА

Берік Баямиров, «Ембімұнайэнерго» басқармасының бас инженері:

## ДЕНСАУЛЫҒЫМЫЗДЫ ОЙЛАСАҚ...

Әріптестеріммен бірге мен де вакцина алдым. Өзімнің және ағайын-тұам мен әріптестерімнің денсаулығына бей-жай қарай алмаймын. Сол үшін де екпе алдым. Бүгінгі таңда баршамызды алаңдатқан пандемияның салған зардаптарын көріп, естіп, оқып отырмын.

Қанмаша адам ауырды, өмірден өтіп кеткендер де біраз. Көптеген шаңыраққа ауыртпалық салған коронавирустың әлі қаншаға созыларын ешкім білмейді. Тіпті, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының жауапты мамандары бұл індеттің бізбен әлі біраз уақыт бірге болатынын айтып, дабыл қағып жатыр. Демек, сақтануды ешқашан да ұмытпауымыз керек. Жайбарақаттыққа салынар кезең емес. Айналадағы жандардың, тұма-туыстарың мен отбасыңның денсаулығы алаңдас, екпе алуды өзімізден бастауымыз керек. Екпе – вирустан сақтанудың бірден-бір жолы.



Нұрбол Махамбетов, орталық басқару аппаратының бас бухгалтері:

## АУЫРМАУДЫҢ ЖОЛЫН ІЗДЕГЕН ЖӨН

Мен сол үшін де «Спутник V» вакцинасын алдым. Еліміз бойынша вакцинациялау шарасы басталған мезетте – биылғы сәуір айының басында екпені бірінші рет алдым. Сосын араға 21 күн салып екінші рет тағы да алдым. Көңіл-күйім жақсы, жұрт айтып жүрген әлсіздікті, денсаулығымда ешқандай өзгерісті байқамадым.

Әрине, екпеден кейін кейбір адамдарда бас ауырған, дене қызуы көтерілген жағдайлар болғанын естідім. Бұл жерде екпеден кейінгі барлық өзгеріс әркімнің өзінің денсаулығына, иммундық жағдайына байланысты дер едім. Үнемі салауатты өмір салтын ұстанған, спортпен тұрақты айналысқан, дұрыс тамақтанып, денсаулығын әркез назарда ұстап жүрген жандар екпені жақсы көтереді. Екінші рет екпеден кейін қолыма паспортымды берді.

Ауырып, қиналып, ем алудың әр түрлі сатыларынан өткенше, ауырмаудың жолын іздеген абзал ғой. Коронавирус дертімен ауырмаймын деп ешкім де кесіп-пішіп айта алмайды. Екпе алғандар да дертке шалдығуы мүмкін. Тек екпе алмағандарға қарағанда оларда дерт жеңілдеу өтеді. Тіпті, мүлдем ауырмауымыз да мүмкін.





## БАС РЕДАКТОР БАҒАНАСЫ

СІЗ КІТАП  
ОҚЫП ЖҮРСІЗ БЕ?

Білімнің қайнар көзі, асыл байлықтың өлшемі, мәдениеттің мәйегі – кітап. Атақты орыс жазушысы Максим Горький өз естелігінде: «Мен бойымдағы жақсы қасиеттер үшін кітапқа қарыздармын» деген екен. Ал, еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен Кітап — мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылады» десе, Ғабит Мүсірепов «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» деген ұлағатты сөз қалдырған.

Бір кездері, әсіресе, жастар, бір-бірінен кітап сұрап алып, екі-үш күн ішінде бір кітапты тезірек бітіріп беруге тырысып, жарыса оқитын. Ал, біздің ата-аналарымыздың кітап туралы әңгімелері тұтас бір киноға арқау боларлықтай...

Ал, қазіргі таңда «Инновация мен ақпараттық технологияның дамуына байланысты жалпы қоғамда әдеби кітап оқуға деген сұраныс төмендеді» деген пікірді жиі естиміз. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін ұялы телефонға үңіліп отыратын жағдайға жеттік.

Осы орайда, осыдан екі жыл бұрын «Ембімұнайгаз» АҚ компанияға қарасты кен орындары жатақханаларында қызметкерлердің жинаған кітаптарынан арнайы шағын кітапханалар жасақтаған болатын. Мұндағы басты мақсат – вахталық әдіспен қызмет жасайтын жұмысшылардың жұмыстан кейінгі бос уақыттарын тиімді пайдалану, дүниетанымын кеңейтуге, ой-өрісін тереңдетуге ықпал ету. Бұл бастамадан соң «кері байланыс» белсенді түрде орнап, кейбір кітаптардың жалғасын сұрап хабарласқан қызметкерлеріміз де болды. Яғни, көзмайын тауысып, уақытпен санаспай жата-жастана кітап оқытындар аразында баршылық екендігін көріп қуандық.

Иә, қай заманда болмасын кітап өз құндылығын жоғалтпайды. Ғаламтор пен әлеуметтік желілер кеңінен таралғанымен, демалыстың әлі күнге дейінгі тиімді әдісі кітап оқу болып табылады. Дос, жұбатушы, тіпті басшылық қабілетті арттыратын тиімді құрал саналатын кітапқа деген сұраныс карантин кезінде одан сайын арта түскені белгілі. Сондықтан, кітап күнделікті қолданыстан шығып қалады деген қауіпке орын жоқ секілді.

Зерттеушілердің айтуы бойынша, «кітап мүлдем оқылмайтын жерде тәрбие бұзылады» деген пікірде үлкен мән бар. Мәселе отбасында жатыр. Кітап оқитын ата-ананың баласы да кітапқұмар болып өседі. АҚШ кітаптанушылардың жүргізген зерттеуі бойынша, 10 жасқа дейін кітап оқуға дағдыланған баланың түрмеге түсуі, нашақорлықпен айналысуы сияқты жағымсыз әдеттерге баруы екіталай деген қорытынды жасалған.

Сондықтан, жақсы кітап оқу - ақылды адаммен сырласқанмен бірдей екендігін қаперлеріңізге сала кеткен артық етпес. Әсіресе, әлемдік карантин жағдайына байланысты отбасыңызбен көбірек бірге уақыт өткізумен қатар, жақсы кітаптар оқып, жеке тұрға ретінде дамуға үлкен мүмкіндік туып отыр.

Қорытындылай келе, сіздерді отбасылық кітап оқу дәстүрінің қалыптасуы бойынша ой бөлісуге шақырамыз. Соңғы кездері қандай кітаптарды оқыдыңыз? Қандай қызықты кітаптардың мазмұнымен бөлісе аласыз? Ой-пікір, ұсыныстарыңызды газеттің соңғы бетінде көрсетілген электронды пошталарына жіберуіңізге болады. Біз сіздің хатыңызды күтеміз!

Айгүл ЕРТЛЕУОВА,

«Ембі тынысы» корпоративті газетінің бас редакторы

## ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

**Жаз маусымының басталуына санаулы күндер қалды. Демек, «жаз келді - ыстық келді». Өздеріңізге жақсы мәлім, Атыраудың жазы аптап ыстығымен ерекшеленеді.**

Ембінің өндіріс алаңдарында ауа температурасының сынап бағанасы - 40-45 градусты (кей кездерде одан да жоғары) жиі көрсетеді. Мұндай ыстықта адам ағзасы әлсіреп, басы ауырып, жұмысқа деген құлшыныс төмендейді. Жұртшылық арасында кең тараған ұғымға

ішкен дұрыс. Ішетін суға лимон қоссаңыз пайдалырақ. Кофе, алкогольдік ішімдіктен мүлдем бас тартыңыз. Бұлар дене температурасын көтеріп, адам ағзасын әлсіретеді. Ыстықта кофе, ішімдік пайдалансаңыз қан қысымыңыз көтеріліп, ол инфаркт пен инсультқа ұласуы әбден мүмкін. Сондықтан да, аптап ыстықта бұл сусындардан толықтай бас тартуға тура келеді.

Ыстық кезінде құнарлығы жоғары тағамдарға да өте сақ болған жөн. Әсіресе, майлы еттен, ұннан дайындалған тағамдар мөлшерін мейлінше азайтып, торт, салаттың мойонез қосылған түрлерінен уақытша бас тартыңыздар. Керісінше жеміс-жидек, сүт өнімдерін жиі пайдаланғандарыңыз жөн. Ауа райының ыстық мезгілдерінде тағамға тұзды аз мөлшерде қосу қажет.

## АПТАП ЫСТЫҚТАН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?



сай «ыстық өтіп кетті» дейміз мұндайда. Ыстық өтіп кетудің алғашқы белгілері: шектен тыс терлеу, бас айналу, құсу, әлсіздік, пульстің жиі соғуы т.б. Егер өзіңізден немесе әріптесіңізден осындай әлсіздіктер байқалса, қолдану керек алғашқы көмектер: дереу салқындау жерге шығу керек, суық суға малынған орамалды маңдайға басып, терге малшынған киімді ауыстыру қажет.

Аптап ыстықта күн астында жиі болатын сәттерде келеңсіз жәйттардың алдын алу үшін не істеуіміз керек?

Ең алдымен, ыстық кезде үнемі бас киіммен жүріңіз. Үстіңіздегі киіміңіз ауа райына ыңғайлы – ыстық өткізбейтін матадан болса тіптен жақсы. Суды жиі ішіңіз. Тәулігіне кем дегенде 2,5 - 3 литр көлемде су

Тұз тамақтың қорытылуын тежеп, дене температурасын көтереді. Қысқасы, жеңіл қорытылатын тағамдарды ас мәзіріне көбірек енгізген дұрыс.

Ыстықта әлсіздікті сезінген жағдайда дәрігердің келісімінсіз дәрі-дәрмек қолданбаңыз. Аспирин ішуге мүлдем болмайды.

Сынап бағанасы жоғары температураны көрсеткен кезде көбірек көлеңкеде болуға тырысыңыз. Ғимаратқа кірген кезде бірден кондиционерге жақындамаңыз. Есіңізде сақтаңыз: аптап ыстықтың өзінде кондиционерді 18 градустан төмен түсірмеңіз. Дәрігер мамандардың кеңесі бойынша дала мен бөлменің температурасының айырмашылығы 10-15 градустан аспағаны жөн.

Денсаулығыңызды күтіңіз. Ол үшін ыстық ауа райында қорғану шараларын меңгеріңіз!

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgep.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgep.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;

А.Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.